ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР
БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И
СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ
КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА»
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120400, Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі №7
тел: 8(72438) 21-2-50, e-mail:kazaly_sobes@korda.gov.kz

120400, поселок Айтеке би, улица Торемурат жырау №7
тел: 8(72438) 21-2-50, e-mail:kazaly_sobes@korda.gov.kz

06.03.25ж № 06-16/265

"САУАЛ" әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы" қоғамдық бірлестігінің басшысы Уразалиев Айбек Нургалиевичке

Мемлекеттік сатып алу порталында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тәсілі арқылы жарияланған №14039507-1"Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар мен пробация есебінде тұрған азаматтарды қайта әлеуметтендіру және әлеуметтік бейімдеу" жобасына арналған іс шара» қызметіне қатысты 2025 жылғы 04 наурыздағы №246676 шағымыңызды қарастырып келесіні хабарлайды.

Тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі туралы: ҚР Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығының 460-тармағы 21-қосымшасындағы бағалау өлшемшарттарының 5-бағанасына сәйкес мамандардың еңбек өтілін растайтын құжаттар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларындағы құжаттардың бірі болып табылатындығы көзделген, алайда Сіз аталған құжаттарды ұсынбауыңызға байланысты 2 балл берілді.

Бағалау өлшемшарттарының 4-бағанасының талаптарына сәйкес "САУАЛ" әлеуметтік зерттеу және ақпараттық талдау орталығы" қоғамдық бірлестігінің сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім берушінің екі жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі нақтыланып 5 балл берілді.

Бағалау өлшемшарттарының 1-бағанасының талаптарына сәйкес әлеуетті өнім берушілердің ұсынған жобалары Тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасы бөлімдерінің барлық талаптарын қамтиды.

Осыған орай, "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар мен пробация есебінде тұрған азаматтарды қайта әлеуметтендіру және әлеуметтік бейімдеу" жобасына арналған іс шара» қызметі бойынша конкурстық комиссияның шешімі өзгеріссіз қалатынын хабарлаймыз.

Берілген жауаппен келіспесеңіз Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе сотқа шағымдануға құқыңыз бар.

Бөлім басшысының орынбасары **М.Нагашыбаев**

Б.Жусупов
8/72438/ 22-2-63